

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**«География» пәні бойынша
қорытынды аттестаттауға арналған спецификация**

9-сынып

МАЗМҰНЫ

1. Бағалау мақсаты.....	2
1.1 Оқу бағдарламасымен өзара байланысы	2
1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	2
2. Емтихан жұмысының сипаттамасы	2
2.2 Бағалау міндеттері (БМ).....	2
2.3 Емтиханды өткізу тілі.....	3
3. Емтиханды өткізу үдерісін басқару	3
4. Емтихан жұмысына балл қою және баға қою үдерісі	3
5. Бағалар сипаттамасы	3
6. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгісі.....	4

1. Бағалау мақсаты


Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес «География» пәнінен білім алушылардың оқу бағдарламасының көлемін менгеру дәрежесін анықтау.

1.1 Оқу бағдарламасымен өзара байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім беру мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптары үшін «География» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейі, дағдылары МЖМББС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Қорытынды аттестаттау критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады, осы жүйеге қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін, В бөлімі қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады.

Орындау уақыты	2 сағат
А бөлімі ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін 15 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.	
В бөлімі қысқа жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан және толық жауапты қажет ететін құрылымдық 2 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1-3 балл аралығында бағаланады.	
Максимальды балл	30 балл

2.2 Бағалау міндеттері (БМ)

1-БМ	Білу және түсіну Білім алушылар географиялық үдерістер, құбылыстар, заңдылықтарды және оның анықтамаларын біледі, түсінеді.
2-БМ	Қолдану және жоғары деңгей дағдылары Білім алушылар: <ul style="list-style-type: none">• физика-географиялық және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтар мен үдерістерді зерттейді, талдайды, жүйелейді және баға береді;• географиялық дереккөздерді (карта, диаграмма, график, сурет, кесте және т.б.), статистикалық мәліметтерді қолданады, оқиды, зерттейді, талдайды.

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқыту тіліне байланысты қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады.

3. Емтиханды өткізу үдерісін басқару

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Емтихан жұмысына балл қою және баға қою үдерісі

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл балдарды бағаға айналдыру шкаласына сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың % пайыздық құрамы	Баға
0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

5. Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде қойылған баға білім алушылар жұмыстарының бағалау міндеттеріне сәйкес болу деңгейіне байланысты.

Баға	Сипаттамасы
5	Білім алушылар пән бойынша терең білімін көрсетеді. Физика-географиялық және әлеуметтік-экономикалық үдерістер, құбылыстар, заңдылықтар және олардың өзара байланысы туралы толық түсінігі бар. Географиялық дереккөздерді (карта, диаграмма, график, сурет, кесте және т.б.), статистикалық мәліметтерді қолдану, оқу, зерттеу, талдай алу қабілетін жоғары деңгейде көрсетеді.
4	Білім алушылар пән бойынша білімін орташа деңгейде көрсетеді. Физика-географиялық және әлеуметтік-экономикалық үдерістер, құбылыстар, заңдылықтар және олардың өзара байланысы туралы түсінігі бар. Географиялық дереккөздерді (карта, диаграмма, график, сурет, кесте және т.б.), статистикалық мәліметтерді қолдану, оқу, зерттеу, талдай алу қабілетін орташа деңгейде көрсетеді.
3	Білім алушылар пән бойынша білімін қанағаттанарлық деңгейде көрсетеді. Физика-географиялық және әлеуметтік-экономикалық үдерістер, құбылыстар, заңдылықтар және олардың өзара байланысы туралы түсінігі жеткілікті. Географиялық дереккөздерді (карта, диаграмма, график, сурет, кесте және т.б.), статистикалық мәліметтерді қолдану, оқу, зерттеу, талдай алу қабілетін төмен деңгейде көрсетеді.
2	Білім алушыда пән бойынша базалық білімі жоқ.

6. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгісі

А бөлімі

1-суретте берілген Қазақстанның физикалық картасына мұқият қараңыз.



1-сурет

1. 1-суретте белгіленген Қазақстанның ойпатын анықтаңыз.

- A) Торғай
- B) Бетпақдала
- C) Батыс Сібір
- D) Каспий маңы


A B C D [1]

2. Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіп саласын анықтаңыз.

- A) мұнай өндіру
- B) машина жасау
- C) мал шаруашылығы
- D) егін шаруашылығы

A B C D [1]

2-суретке мұқият қараңыз.



2-сурет


3. 2-суретте көрсетілген географиялық зерттеу әдісін анықтаңыз.

- A) тарихи
- B) картографиялық
- C) далалық зерттеу
- D) қашықтықтан бақылау

A B C D

[1]

3-суретте берілген Қазақстанның жауын-шашын картасына мұқият қараңыз.



3-сурет

4. 3-суретті қолданып, Қазақстанда жауын-шашын ең көп түсетін жерді анықтаңыз.

- A) Алтай
- B) Балқаш көлі маңы
- C) Арал маңы шөлдері
- D) Жоңғар таулы өлкесі

A B C D

[1]

5. Қазақстанда сексеуіл көп өсетін табиғат зонасын анықтаңыз.

- A) шөл
- B) дала
- C) шөлейт
- D) орманды дала

A B C D

[1]

6. Ауа массаларының негізгі түрлерін анықтаңыз.

- A) арктикалық, қоңыржай, тропиктік, экваторлық
- B) қоңыржай, тропиктік, арктикалық, субтропиктік
- C) тропиктік, субэкваторлық, экваторлық, арктикалық
- D) субарктикалық, қоңыржай, субэкваторлық, экваторлық

A B C D

[1]

7. Жерасты суларының мол қоры кездесетін Қазақстанның аймағын анықтаңыз.

- A) Сарыарқа
- B) Қызылқұм
- C) Бетпақдала
- D) Құлынды жазығы

A B C D [1]

8. Қала тұрғындарының демалысына арналған территорияны анықтаңыз.

- A) селетібті
- B) рекреациялық
- C) санитарлық қорғаныс
- D) коммуналдық-қоймалық

A B C D [1]

9. Мұнай экспорттаушы елдерді анықтаңыз.

- A) АҚШ, Бразилия
- B) Қытай, Үндістан
- C) Ливия, Венесуэла
- D) Малайзия, Сингапур

A B C D [1]

10. Басқару формасы конституциялық монархия болып табылатын елді анықтаңыз.

- A) Ватикан
- B) Эквадор
- C) Австарлия
- D) Сауд Арабиясы

A B C D [1]

11. Қазақстандағы ең ірі және жалғыз қара металлургия комбинаты қай қалада орналасқанын анықтаңыз.

- A) Балхаш
- B) Сәтбаев
- C) Теміртау
- D) Жезқазған

A B C D [1]

12. Траншекаралық өзенді анықтаңыз.

- A) Нұра
- B) Ертіс
- C) Торғай
- D) Сарысу

A B C D [1]

13. Архипелаг елді анықтаңыз.

- A) Испания
- B) Үндістан
- C) Индонезия
- D) Мадагаскар

A B C D [1]

14. Оңтүстік Қазақстанда ерекше мол қоры бар пайдалы қазбаларды анықтаңыз.

- A) фосфорит пен асбест
- B) темір кені мен қорғасын
- C) полиметалл мен фосфорит
- D) алюминий мен полиметалл

A B C D [1]

15. Көлдер қазаншұңқырының шығу тегі мен қалыптасуына байланысты жіктелу түрін анықтаңыз.

- A) Таулы, жазықты
- B) Мұздық, үстіртті
- C) Жазықтық, тектоникалық
- D) Карстілі, қалдық (реликт)

A B C D [1]

В бөлімі

4-суретте көрсетілген пайдалы қазба кен орындарына мұқият қараңыз.




4-сурет

16. 4-суреттегі көмір өндірудің әдісін анықтаңыз.

..... [1]

5-суретте берілген атмосфераның ғаламдық циркуляциясының сызбасына мұқият қараңыз.




5-сурет

17. 5-суретті қолданып, жоғары қысым аймағы орналасқан климаттық белдеудің **бірін** анықтаңыз.

[1]

6-суретте берілген Сырдария өзеннің гидрографына мұқият қараңыз.



6-сурет

18. 6-суретті қолданып, Сырдарияның **ең жоғары** су көлемі байқалатын айды анықтаңыз.

[1]

1-кестеде берілген ақпаратты мұқият оқыңыз.


1-кесте

Табиғат зонасының ел аумағынан алып жатқан үлесі	27%
Климаты	континентті <ul style="list-style-type: none"> • жазы ыстық әрі құрғақ, желі аңызак; • қысы қатаң, қары жұқа
Қаңтардың орташа температурасы	-16°-18°C
Шілденің орташа температурасы	солтүстігінде 18°C, оңтүстігінде 23°C
Жылдық жауын-шашынн мөлшері	220-310 мм
Өсімдік жамылғысы	боз, бетеге, атқонақ, кермек, қаңбақ

19. 1-кестені қолданып, табиғат зонасын анықтаңыз.

[1]

20. 7-суретте көрсетілген антропогендік ландшафтқа мұқият қараңыз.



7-сурет

(a) 7-суреттегі антропогендік ландшафтты жақсарту жолын атаңыз.

..... [1]

(b) Антропогендік ландшафтты жақсарту жолдарын қажет етуі мүмкін бір аймаққа мысал келтіріңіз.

..... [1]

(c) Антропогендік ландшафтты жақсарту мақсатында жасалған іс-шаралардың тиімділігін барынша арттыру үшін қолдануға болатын бір өсімдікті ұсыныңыз. Неліктен?

..... [2]

(d) 20 (a)-да атаған антропогендік ландшафтты жақсарту жолының шаруашылық үшін маңыздылығына баға беріңіз.

..... [2]

21. 8-суреттегі дүние жүзінің кескін картасына мұқият қараңыз.



8-сурет

(a) Дүние жүзінің кескін картасына ТМД елдерінің территориясын белгілеңіз. Тапсырманы 8-суреттегі кескін картада ортындаңыз.

[3]

(b) ТМД-ғы Қазақстанның рөлін сипаттаңыз.

.....

.....

[2]

Балл қою кестесі

№	Бағалау міндеті	Жауап	Балл	Емтихан алушыларға арналған қосымша нұсқаулық
А бөлімі				
1	2-БМ	D	1	
2	1-БМ	D	1	
3	2-БМ	D	1	
4	2-БМ	A	1	
5	1-БМ	C	1	
6	1-БМ	A	1	
7	1-БМ	B	1	
8	1-БМ	B	1	
9	1-БМ	C	1	
10	1-БМ	C	1	
11	1-БМ	C	1	
12	1-БМ	B	1	
13	1-БМ	C	1	
14	1-БМ	C	1	
15	1-БМ	D	1	
В бөлімі				
16	2-БМ	4-суреттегі көмір өндірудің әдісін анықтаңыз. • Карьер	1	
17	2-БМ	5-суретті қолданып, жоғары қысым аймағы орналасқан климаттық белдеудің бірін анықтаңыз. • тропиктік /арктикалық / антарктикалық	1	Берілген нұсқалардың біреуін атаса, жауап қабылданады.
18	2-БМ	6-суретті қолданып, Сырдарияның ең жоғары су көлемі байқалатын айды анықтаңыз. • мамыр	1	
19	2-БМ	1-кестені қолданып, табиғат зонасын анықтаңыз. • дала зонасы	1	
20 (a)	2-БМ	7-суреттегі антропогендік ландшафтты жақсарту жолын атаңыз. • рекультивация	1	
20 (b)	1-БМ	Антропогендік ландшафтты жақсарту жолдарын қажет етуі мүмкін бір аймаққа мысал келтіріңіз. • пайдалы қазбаларды өндіру / ашық әдіспен өндірілетін кен орындар / ормандар кесілген / қоқыс үйінділері жиналған / қалалардың құрылысынан кейін бүлінген / әскери сынақтар / ядролық қаруды сыналған аймақтар	1	Берілген нұсқалардың біреуін атаса, жауап қабылданады.

20 (c)	1-БМ	<p>(с) Антропогендік ландшафтты жақсарту мақсатында жасалған іс-шаралардың тиімділігін барынша арттыру үшін қолдануға болатын бір өсімдікті ұсыныңыз. Неліктен?</p> <ul style="list-style-type: none"> • қара терек - атмосфералық азотты бекітуге қабілетті • қызыл беде - топырақ талғамайды және атмосфералық азоттың түйнек бактериялармен жиналуының жақсы көзі 	2	Берілген нұсқалардың біреуін атаса, жауап қабылданады. Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады.
20 (d)	2-БМ	<p>20 (а)-да атаған антропогендік ландшафтты жақсарту жолының шаруашылық үшін маңыздылығына баға беріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • ауыл шаруашылығына қажетті жерлер жақсарады • орман шаруашылығына қажетті жерлер жақсарады, • су құбырлары іске қосылады, • дем алатын орындар пайда болады, • құрылысқа қажетті аймақтар пайда болады. 	2	Берілген нұсқалардың екеуін атаса, жауап қабылданады. Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады.
21 (a)	2-БМ	<p>Дүние жүзінің кескін картасына ТМД елдерінің территориясын белгілеңіз. Тапсырманы 8-суреттегі кескін картада ортындаңыз.</p> 	3	Барлық 11 мемлекеттің шекараларын қатесіз белгілесе, 3балл беріледі. 1-2 елдің шекарасында қателесе, 2 балл беріледі. 4-5 елдің шекарасында қателесе, 1 балл беріледі.
21 (b)	2-БМ	<p>ТМД-ғы Қазақстанның рөлін сипаттаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан ТМД-ға мүше елдердің арасында экономикалық / саяси/ мәдени / экологиялық / басқа салалардағы ынтымақтастығында, • посткеңестік кеңістіктегі адам құқықтары мен бостандықтарын / бейбітшілікті / қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, • өзара құқықтық көмек көрсетуде, • Еуразия Экономикалық одақ, • Кедендік Одақ 	2	Берілген нұсқалардың екеуін атаса, жауап қабылданады. Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады.
Барлығы			30	